

Э.Р.Тажибаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: emisshan@mail.ru)*

## **Лингвистикалық корпус — шетел тілін оқытуда студенттердің лексикалық дағдыларын дамыту құралы**

Мақалада заманауи шетел тілі мұғалім алдында тұрған басты міндеттердің сапалы білім беруде қолдануда жаңа ақпараттық құралдарды жетік игеріп, оларды білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім мазмұнын байыту, оқу үдерісін жалпы жетілдіру болып табылады. Лингвистикалық корпус аталмыш технологиялар қатарына жататыны сөзсіз. Корпустық лингвистиканың даму тарихы, түрлері және қолдану аясы сөз етілген. Автор корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін, оның бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан ажыратуға болады. Сонымен қатар автордың лингвистикалық корпус негізінде әзірленген жаттығулардың тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденген.

*Кілт сөздер:* ақпараттық коммуникативтік құрал, компьютерлік технология, корпустық лингвистика, лингвистикалық корпус, құзыреттілік, шетел тілі, ағылшын тілі, лексикалық дағдылар, жоғары оқу орындағы оқу үдерісі, өзін-өзі бағалау.

Соңғы он жылда халықаралық қатынастың дамуы шетел тілдік білім берудің дамуына әкелді. Бұл жағдайда шетел тілінің мәртебесі өсе келе маңыздылығы артып, жаңа мемлекеттің дамуына үлесі зор. Шетел тілін үйрену арқылы шетел тілдің мәдениеті, діні, тілі, қарым-қатынасы, басқа қоғамның өмір сүру аясы жайында мәлімет алуға мүмкіндік туады. Шетел елдерімен келіспеушілік пен түсініспеушілікті алдын алу үшін де тілді білу маңызды. Тіл, осы орайда, негізгі құрал қызметін атқырады.

Қазіргі таңда ақпараттық коммуникативтік құралдарды қолдану арқылы шетел тілін үйрену өте тиімді. ХХІ ғасырда жаңа компьютерлік технологиялардың көмегімен, арнайы бағдарламалар мен сөздіктерді қолдануға болады.

Корпустық лингвистика — шетел тілін оқытуда жаңа бағыттардың бірі. Соңғы онжылдықта корпустық лингвистика саласы ғылыми айналымға айтарлықтай дәрежеде ене бастады. Әсіресе тілдік зерттеулерде корпустарды тәжірибе жүзінде пайдалану тұрғысынан алғанда, яғни олардың сөздіктер мен неше алуан түрлі грамматикаларды дайындау кезінде аса құнды материал болатындығы анықталды. Корпустық лингвистика мен оған қатысты пікірталастар айтарлықтай дәрежеде теоретикалық және эмпирикалық білім аяларының ең ұтымды арақатынастарын іздестіру жолдарын бейнелейді деуге болады.

Корпустық лингвистика 1963 ж. АҚШ-та пайда болған, Браун корпусынан The Brown Standard Corpus of American English бастамасын алады. Бұл корпустың көлемі 1 млн сөзқолданыстан тұрады және құрамында 2 мың сөзқолданысқа тең 500 мәтін енгізілген. Ғалымдар У.Н.Фрэнсис пен Г.Кучер бұл корпусты құрастыру үшін мынадай қағидалар мен қағидаттарды ұстаным еткен:

1. Мәтіндерді синхрондау мезгілдік үйлестіру үшін АҚШ-та 1961ж. алғаш рет баспадан шыққан еңбектерді алу.
2. Жанрлардың арақатынасын таңдау жұмыстары үшін ерекше ықтималдықтар рәсімін қолдану барлығы 15 жанр 9 ақпараттық проза 6 көркем проза әрбір жанрдан 6-дан 80-ге дейін элементтерге таңдама мәтін алу.
3. Мәтіндерді таңдауға қойылатын талаптарды айқындау мен тұжырымдау әр мәтіннің көлемі статистикалық тұрғыда оның стильдік ерекшеліктерін ақиқат дәрежеде бейнелеуін ескеру.
4. Жанрлардың құрамы мен арақатынасы стильдік ерекшеліктері мен қатынастық салмағы барабарлық деңгейде болуы қажет.

Корпустық лингвистиканың ағылшын тілі материалында туындауы мен қалыптасуын ғалымдар АҚШ-та компьютерлік техника мен ХХ ғасырдың 60–80 жылдары Британ лингвистикасындағы интеллектуалды ортаның белсенді даму жағдаятымен түсіндіреді. Осы кездерде компьютерленген мәтіндік корпустарға лингвистикалық талдау жүргізу тілдік зерттеулердің ең көп бөлігін қамти бастағаны мәлім. Ғылымды институттендіру нәтижесі 2001 жылы Бирменгем университетінде корпустық лингвистика кафедрасын ашуға және International Journal of Corpus Linguistics журналын

баспадан шығарып тұруға мүмкіндік берді. Бірнеше тілдердің материалдарында құрастырылған түрі мен қызметі жағынан ерекшеленетін корпустар және солардың негізінде құрастырылған неше түрлі сөздіктер мен грамматикалар пайда болды.

*Лингвистикалық корпус* дегеніміз — әр түрлі стильге, тілге, жанрға қолдану аясына байланысты электронды түрде біріккен мәтіндер жинағы. Мәтіндерді іздеп, лексикалық бірліктердің қолдануын көрсететін және үлкен көлемді мәтіндерді талдайтын бағдарламаны *конкорданс* деп атайды.

Қазіргі кезде корпустық лингвистиканың қолдану аясы бұрынғыдан да кеңейе түсті. Корпустық лингвистиканың негізгі түсінігін, оның бейнелейтін аясына қарай, корпустағы сақталатын ақпарат бірлігі тұрғысынан, оны әр түрлі негізде топтастыру мен құрастыру және т.б. қағидалары ұстаным етуіне қарай әр түрлі ұғынуға болады.

В.П.Захаровтың «корпус» ұғымын тар мағынада түсіндіруі қазіргі ғылыми түсінікте эволюциялық тұрғыда көрініс тапқан. Мысалы, ғалым «Корпусная лингвистика» атты оқу құралында былай дейді: «Под названием лингвистический, или языковой, корпус текстов понимается большой, представленный в электронном виде, унифицированный, структурированный, размеченный, филологический компетентный массив языковых данных, предназначенный для решения конкретных лингвистических задач» [1].

Жалпы алғанда, корпустарды келесі топтарға бөліп қарастыруға болады:

I. Құрылымдық дәрежесіне қарай: 1. Электрондық архив (сыртқы есте сақтау таспадағы өңделмеген мәтіндер). 2. Электрондық кітапхана (өңделген пішіндегі мәтіндер). 3. Мәтіндер корпусы (мәтіндердің стандартталған, өңделген және әр пәндік саланы бейнелейтін жиынтығы).

II. Тілдердің қамтылу санына байланысты: 1. Біртілді. 2. Екітілді. 3. Көптілді.

III. Қолдану тәсіліне қарай: 1. Зерттеу корпустары (көбінесе тілдік жүйелер қызметінің әр түрлі аспектілерін зерттеуге арналған). 2. Көрнекілік корпустары (олар зерттеу жүргізілгеннен кейін ғана құрылады; бұл корпустардың мақсаты — алынған нәтижелерді растау және негіздеу). Мұндай қарама-қарсы қоюшылық корпустардың ерте даму кезеңіне ғана тән болғаны белгілі, себебі қазіргі кездегі корпустар әрі зерттеу жүргізу үшін, әрі көрнекілік үшін де қолданылуы мүмкін.

IV. Динамикалық сипатына қарай: 1. Тілдік жүйенің белгілі қалпын бейнелейтін статикалық корпустар. 2. Динамикалық (мониторлық) корпустар. Олар пәндік аяның процессуалды аспектісіндегі тілдік феномендердің белгілі уақыт ішіндегі қызметін айқындау мәселелерін қарастырады.

V. Индекстеуге қатысты: 1. Белгіленбеген жай корпустар. 2. Белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) корпустар. Қазіргі кездегі корпустар тек аннотацияланған болып келеді, себебі тек белгіленген корпустардан ғана қажетті ақпаратты іздестіруге, пайдалануға мүмкіндік бар.

VI. Тіл формасына (тұрпатына) қарай: 1. Жазба түрдегі корпустар. 2. Сөйлеу түріндегі (фонетикалық) корпустар. Корпустық лингвистиканың жетістіктерін өзіне сақтаған аса дамыған корпус түрі — ұлттық корпус. Мұндай корпус белгілі дәрежеде ұлттық тілді толық түрде бейнелейді. Ұлттық корпустың репрезентативтілігі (тұлғалылығы) — сол тілдің жазба және сөйлеу түріндегі мәтіндерінің барлық типтерінің бейнеленуі. Ұлттық корпустың айтарлықтай дәрежеде көлемді (ондаған, жүздеген, миллион сөзқолданыс) болуы репрезентативтілікке жетудің қажетті шарты болып саналады. Ұлттық корпустың ажыратылмас бөлігі оның белгіленген (аннотацияланған, мазмұндалған) бейнесі.

Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға, сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге беделді академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады. Ұлттық корпусты пайдаланушылар — әр түрлі саладағы тілшілер, әдебиеттанушылар, тарихшылар және гуманитарлық білім салаларының өкілдері. Ұлттық корпустың ана тілі мен шетел тілін оқытуда, оқулықтар мен бағдарламалар құрастыруда маңыздылығы аса зор деуге болады.

Қос тілдік корпустары бір тілден екінші тілге аударма жасауға қатысты талдау жұмыстарын жүргізуге аса қолайлы болып келеді. Мысалы, «Орыс тілінің ұлттық корпусында» қос тілдік мәтіндері) корпустары да орын алған. Мұндай корпустар ерекше корпустар қатарына жатады. Себебі орыс тіліндегі мәтінге оның басқа тілге аударылған үлгісі және, керісінше, шетел тілдеріндегі мәтіндерге орысша аудармасы сәйкестендірілген.

Лексикалық білім негізгі барлық сөйлеу әрекеттерін сәтті меңгеруді қамтамасыз етеді. Лексикалық білім дегеніміз — шетел тілдік сөзге тек қана тілдік жиынтық емес, сонымен қатар сөзбен әрекеттің бағдарламасын білу, яғни шетел тілдегі сөздің нақтылы бағытылығы. Осы орайда

лингвистикалық құзыреттілік деген ұғым маңызды. Лингвистикалық құзыреттілік белгілі білімді меңгеруді және оларға сәйкес дағдыларды, тілдің әр түрлі аспектерімен байланыстылығы: лексика, фонетика, грамматикамен. Сондықтан студенттер мен оқытушы үшін шетел тілі жүйе ретінде емес, тілдесу құралы ретінде маңызды.

Әр тілдесу әрекетінде нақты мақсаты болады, сөйлеуде: хабарлау, жариялау, ақпараттандыру, айту қабілеті; жазуда: өз пікірін және басқаның пікірін жылдам тіркеу қабілеті; оқуда: ішінен жылдам оқи алу қабілеті; тыңдауда: сөйлеуді қалыпты жағдайда және шынайы қарым-қатынаста түсіне білу қабілеті; аудармада: күнделікті жағдайда аудармашы ретінде бола білу қабілеті.

Ауызша сөйлеу мен оқуды меңгеруді «сөйлеу дағдысыз мүмкін емес». Осы жағдайда ерекше орынды лексикалық дағдылар алады. Дағды — тапсырмалар жасау нәтижесінде тілдік құбылыспен автоматизмге жеткен құбылыс. Лексикалық бөліктің шетел тілін оқытуда мазмұнды құрылысы болып табылады.

Оқушылардың интеллектуалды және танымды қабілеті жағынан дамуы жақсы жағдайда, сонымен қатар лексикалық дағдылары. Мақсаты мен қатысымға байланысты сөздің бір-бірімен байланысы лексикалық дағдыны бейнелейді.

Тілдік лексикалық дағды: сөздерді талдау, сөзжасам, сөз тіркестер.

Шетелдік сөйлеуде бұл аспектке деген назар келесі себептермен түсіндіріледі.

- бірінші орында лексиканы қалай меңгергені пікірдің мазмұнды жағына байланысты;
- лексика, өзінің психологиялық, психолінгвистикалық сипатына байланысты, бірегей емес меңгеруге жатады;
- меңгерілген лексикалық минимумды негізгі лексика деп қарастыруға болады;
- материалды лексикалық деңгейде маңызды бөлігі сөйлеу әрекетінің тыңдау, оқу, сөйлеу сияқты тілдік бірліктерді қолдану дағдысы;
- алдында оқытылған лексикалық бірліктерге жүйелендіру жұмысын жүргізуді қажет етеді.

Шетел тілдік лексикамен жұмыс істегенде біраз қиындықтар болады, яғни мазмұнымен, түрімен, сөз қолданыспен, синонимдес қатардың алуандығы, тіларалық интерференцияны және басқаларын ескеруді талап етеді.

Лексикалық ережеге қойылатын жалпы талаптар:

- лексикалық дағдылар өзіне әр түрлі деңгейдегі сипаттамаларды қосады;
- белсенді және белсенді емес дағдыларға әр түрлі түсіндірме беріледі;
- сөз мағынасы, қалыптастыру, сәйкестік деңгейі, мысалдарда келтіру лексикалық ережелердің міндетті сипаттамасы болып табылады;
- лексикалық ережелер салыстыруда тіларалық және ішкі тілдік деңгейде құралады;
- лексикалық ережелер және оны құрайтын сипаттамалар оқушылармен бірге эвристикалық жолмен шығарылады;
- лексикалық ережелер ішінде бірліктік оқытулық лексемді семантикалық бірліктерді анықтап білу мен қолдануға нұсқаулық-ережеге және белгілі лексикалық бірліктер тобының жүйеліленген ерекшеліктері жинақталған ереже бойынша анықталады;
- лексикалық ережелер әр түрлі түрде қарастырылады: модельдік фразда, контекстік жағдайда немесе иллюстрацияларда, әрекетке нұсқаулық ескертпе, алгоритмдерде.

Лексикалық дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар құрастыру кезінде лексикалық дағдылардың барлық бөліктерін ескеру қажет.

Лексикалық тапсырмалардың көптеген көзқарастарға байланысты классификациялауға болады.

1. Сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты рецептивті мен репродуктивті жаттығулар, олар тағы репродуктивті және продуктивті болып бөлінеді.
2. Лексикалық дағдылар даму сатыларына, яғни сөзді меңгеру сатысы.
3. Лексикалық дағдылардың бағыттылығына байланысты бөлек аспектілерге фонетикалық, сызбалық және т.б. бөлінеді.
4. Белгілі сөздердің байланысын құруға бағытталған жаттығулар.
5. Бөлектенген сөзбен немесе сөз тіркестегі, сөйлемдегі сөзбен жаттығулармен жұмыс жасау болжалады (И.В.Рахманова контексті және контексті емес жаттығулар).
6. Оқытылуға тиіс сөзбен жасалған жұмыс түрлері (ауыстыру, кірістіру және т.б.).
7. Лексикалық жаттығулардың меңгеруге бағыттылығы.

Қазіргі заман талабына сай шетелі тілін оқытудың мақсаты қандай әдіс-тәсілдерге негізделетінін қарастырамыз. Дәстүрлі қабылданған отандық әдіс-тәсілдерде, коммуникативті дәріс беруден алдыңғы орынды иемденуші профессор Е.И.Пассованың липецктік мектеп өкілдерінің еңбектері негізінде төменде біз қарастырғалы отырған мақсаттар кешені ерекшеленеді. Шетел тілін оқытудың мақсаты отандық әдіс-тәсілдерде төрт аспект арқылы беріледі: 1) оқу-тәжірибелік; 2) тәрбиелік; 3) ұйымдастырушы; 4) дамушы. Әрбір көрсетілген аспектіні толығырақ қарастырайық.

Студенттер шетел тілін қатынас құралы ретінде меңгеріп және оны ауызша және жазбаша сөйлеуде қолдана білуі керек. Тілді оқыту қызметінің төрт түрін, атап айтқанда: рецептивтік — тыңдау және оқу, продуктивтік — айту және хат жазу, сондай-ақ, осылармен байланысты тілдің үш түрлі аспектілері: лексика, фонетика, грамматиканы меңгеру мәселелерін қарастырамыз. Шетел тілін меңгерудегі оқу-тәжірибелік аспект тілдесудің барлық формаларын және тілдің барлық функцияларын, яғни жеке тұлғалар арасындағы өзара тілдесудің қажеттілігін, адам баласының рухани әлемін байытуын, өз пікірін қорғауын, отандық мәдениетті насихаттауын, халықтар арасындағы достығын, экономикалық және саяси дамуын меңгеруді ұйғарады.

Тілді оқыту қызметінің нақты мақсаттары ретінде:

Сөйлесуде — хабарлай білу (баяндау, жариялау, хабарлау, ақпараттандыру, әңгімелеу және т.б.); түсіндіру (мінездемеу, нақтылау, көрсету және т.б.); мақұлдау (ұсыну, кеңес беру, айқындау, қолдау, мақтау, алғыс айту және т.б.); әшкерелеу (сынау, қарсыласу, жоққа шығару, кінәлау, талқылау және т.б.); сендіру (дәлелдеу, негіздеу, нақтылау, көндіру, айтқанында тұру және т.б.).

Жазуда — өзінің және өзгелердің пікірлерін жеткілікті жылдам түрінде бекіту, материалды қолдана отырып, оқығанды жаза білу, сөйлеген сөздердің жоспарын және тезистерін, сондай-ақ хат, аннотация және рецензия жаза білу.

Оқуда — журнал не газет беттерінен мақаланы, орта қиындықтағы көркем шығармаларды қатынас құралы ретінде оқудың барлық қызметтерін қанағаттандыру үшін іштей тез оқи ала білу қажет.

Тыңдауда — бетпе-бет жүздесуде және жалпы радиобағдарламаларының, фоножазбалардың мән-мағынасын қалыпты екпінде аутенттік тілдесуде түсіне білу.

Аудармада — тұрмыстық жағдайда аудармашы ретінде бола алу негіздерімен ерекшеленеді. Оқу аспектісінде өзіндік жұмыстың дағдысын игеруді өте маңызды деп санау тура келеді.

Шетел тілін оқытуда өз ойынды жеткізудің әдіс-тәсілдерін қолдана алудың қажеттілігін, яғни адамдардың сөздерді қалай айта алуын, пәндерді номиналдауын, қолданушы сөздерді, ана тілін шет тілімен салыстыру және теңестіру, тілді сезіне білуін, тілдік шешімдерді, оның барлық түрдегі ерекшеліктерін есте сақтауды, логиканы (сараптау, синтездеу, теңестіру, ақылды шешім табу), сенсорлық қабылдауды, мотивтік ортаны дамыту, мінез, еңбексүйшілік, ерік, мақсаттылық, белсенділік, оқи ала білу арқылы тілдесе білуді, дамытуды қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде үзіліссіз тілді оқыту жүйесін жаңартудың қажеттілігі жөнінде көп айтылады. Мектеп және жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа тұжырымдамалары жасалуда, мамандарды дайындауда тілді оқытудың жаңа үлгілері пайда болуда, сонымен қатар оқытушы кадрларды дайындау және қайта дайындау саласында да, жеке тұлғаның қалыптасуында да осы сияқты өзгерістер шет тілін оқыту мақсатын түсінуге қатысы бар. Білімнің өзі, нақты шеберлік пен дағдыдан және оқу орнынан тыс жерлерде адамның білімді де шынайы іскер дайындықта болуын шеше алмайды. Кейінгі уақыттарда білім алудың мақсаты тек білім мен біліктілік қана емес, сонымен қатар жастардың қоғамда ары қарай дамуына өте қажетті адами қасиеттерін, сөйлеу дағдыларының қайнар көздерін анықтау сияқты келелі мәселелер күн тәртібінде кеңінен қойылуда. Әр түрлі оқу орындарын бітірушілердің қазіргі нарық заманының еңбек шарттарына орай бейімделіне алатын дайындығын жинақтап көрсететін бес негізгі сөйлеу дағдыларын айтуға болады. Осы сөйлеу дағдылары бүкіл Еуропа елдерінің өкілдері қатысып, 1996 жылы март айында «Еуропалық жоғары білім» шеңберіндегі жобада Бернде өткен симпозиумда тіркелді [2].

*Әлеуметтік тұрғыдан саяси тілде сөйлесе алу дағдылары немесе тың мәселелерді шешуге дайындық.* Бұл дағды негізінде қабылданған өзіндік шешімге әуелі психологиялық дайындық барысын өз жауапкершілігіне алу міндеті сай келеді. Тәжірибе көрсеткендей, адамдардың басым көпшілігі тіпті базалық академиялық тапсырмаларды шешуде, өзіне қажетті кезде туындаған шешімдерді қабылдауға болатынын біле бермейді, мәселен, пәнді игеру уақытында жіберіп алған материалдарды толықтыру; қажетті кеңестер алу; емтихандарға тиімді дайындалу: оқу орнын немесе

оқу пәнін тандау; конференцияға баяндама дайындау; әдебиеттер тізімін жасау; ғылыми грант ұтып алу; семинар дайындау және өткізу.

Оның негізін қазіргі ақпарат көздерімен тікелей жұмыс істей алатын дайындық пен қажеттіліктің, біліктіліктің бірлігі және жиынтығы ретінде анықтауға болады. Әр түрлі дерек көздерінің көмегімен қазіргі заман талабына сай мультимедиалық оқу құралдары арқылы қажетті ақпаратты табу; ақпараттық сөйлеу дағдыларының маңыздылығын, анықтылығын, жаңашылдығын анықтау; алға қойылған мақсат-міндеттер мен жағдаяттарға сәйкес ақпаратты өңдеу; ақпаратты сақтау және архивтеу; келелі мәселелер шенберіндегі шешімдерді қолдану.

*Коммуникативті сөйлеу дағдылары.* Берілген сөйлеу дағдысы көп құрылымды болып келеді, бірақ әр түрлі ғылыми мектептер оның құрылымы мен құрылысын әрқалай анықтайды. Еуропа кеңесі мынадай сөйлеу дағдыларынан құралған бастауыш деңгейді анықтаған болатын: лингвистикалық; әлеуметтік-лингвистикалық; мәдени-әлеуметтік; стратегиялық; дискурсивтік және әлеуметтік. Тілдік, мәдени-әлеуметтік қатынастан құралған В.В.Сафонов ұсынған сөйлеу дағдысының анықтамасы отандық әдістеме және шет тілдерін оқыту бағдарламаларында бекітілді. Қазіргі білім алуды түсінудің ең маңызды ұстанымы кез келген маманның ауызша және жазбаша сөйлеуде жеткілікті дәрежеде қарым қатынас жасай алатын дағдысы болу керек. Бұл дағды қарым-қатынас дағдысының бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады, қазіргі жартылай мәдени әлемде өмір сүруге, әрекет етуге байланысты, оны өзіндік білім алудың негізі етіп кейінгі кезеңдерде көрсете бастады. Осы дағдының негізінде төмендегі мәселелер жатыр.

Ағылшын тілін саналы меңгертіп, нәтижеге қол жеткізу үшін, ең алдымен, оқушының есте сақтау қабілетін арттырып, оны түрлі оқу-әдістемелік жолдары арқылы меңгерту. Ағылшын тілін жақсы меңгерген студент ортада өз ойын анық айтып, болашақта шетелдіктермен қарым-қатынас жасай отырып, мемлекетімізге өз үлесін қосса, яғни, ол екінші саналы тұлға болып қалыптаспақ. Осы орайда, әрбір студенттің саналы тұлға болып қалыптастыруға оқытушының рөлі өте зор. Осы мақсаттарды іске асыру үшін жоғары оқу орындарында жүргізілетін ағылшын тілін оқытудың әдістемелік және ғылыми жұмыстарды зерделей келе, студенттің тілді меңгеруге оны есте сақтауында жаңа технологияларды пайдаланып, оларды іске асыру жайында іс-тәжірибе жүргізген.

Білім беру кеңістігінде түрлі жаңа технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен өз тәжірибемізге қарай қажеттісін таңдап, әр тұлғаны нәтижеге бағыттай білім бере отырып, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану қажет. Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, шығармашылық, іскерлік ұстанымдарды нығайта отырып, жаңа тәсілдердің пайда болуына көмегін тигізеді.

Лексика бойынша арнайы жаттығулардың нақты лингвистикалық міндеттері болады:

- 1) сөздің жалпылау мағынасын түсінуді дамыту;
- 2) «тұтас және оның бөліктері» қатынасын түсіндіруді дамыту;
- 3) сөздің дерексіз мағынасын түсінуді дамыту;
- 4) морфология саласынан (морфемалардың абстрактілік мағынасын меңгеруде) тіл құбылыстарын айыра білу қабілетін дамыту;
- 5) антонимдерді сөздердің мағынасын ұғыну құралы ретінде түсіне білу;
- 6) стилистикалық сезім қабілетін дамыту;
- 7) сөздердің тасымал мағынасы мен этикалық ұғымдарды түсіне білу. Лингвистикалық корпус негізінде оқушылардың лексикалық дағдыларын дамытуда қарастыратын лингвистикалық корпусның қасиеттері. Оған жататын лексикалық дағдылар:
  - сөздің көру бейнесінің семантикамен арақатынасын белгілеу;
  - контекст көмегімен сөздің мағынасын ашу;
  - контекст көмегімен сөздің полисемиясының ашылуы;
  - жазылуы ұқсас сөздер дифференциацияланды;
  - мағыналары жақын сөздердің қолданылу айырмашылығының анықталуы.

Жоғарыда айтылғандай, лингвистикалық корпус негізінде оқушылардың лексикалық дағдыларын дамытуда оқушылардың мәдени-қоғамдық және лингвистикалық білімдері мен қабілеттерінің болуы:

- а) лексика саласында мәдени-қоғамдық білімдері болуы:

- эквивалентсіз лексиканы білу және оны мәтінде түсіну қабілеті (анықтамалықтарды қолдану арқылы да);
  - оқып жатқан елдің күнделікті өмірде қолданатын ауызекі тілдегі сөздерін және лексикасын білу (ақша бірліктері, салмақ өлшемдері, ұзындық, уақыт көрсеткіші, жол белгілері және т.б.);
  - сөйлеу және этикет формуласын білу (үлкендердің кішілерге қарым-қатынасы, оқушылардың мұғалімге, әр түрлі жастағы қоғамдық топтармен қарым-қатынасы) және оқып жатқан елдің қарым-қатынас нормалары бойынша сөйлесімді құрай алу қабілеті;
- б) лексика саласында лингвистикалық білім:
- сөзжасамда лексикалық бірліктердің ережелерін және үйлесімін білу;
  - қызметтік сөздерді сөйлемдегі және мәтіндегі байланысын білу;
  - этимологиялық бөлек сөздерді білу;
  - әр тілде мағынасы әр түрлі болатын түсініктерді білу [3].

Лингвистикалық корпус негізінде студенттердің лексикалық дағдыларын дамытуға арналған жаттығулардың тиімділігі эксперимент нәтижесінде нақтыланды, егер осы жоспар бойынша жасалынса:

- (1) студенттердің АКТ құзыреттілігін дамыту; (2) оқушыларда шетел тілінің коммуникативті құзыреттілігін дамыту; (3) оқытуда сөз мағынасын анықтауға арналған жаттығуларды қолдану, (а) полисемияны оқыту, (б) мағыналары жақын сөздердің әр түрлілігін анықтауға, (в) ұқсас жазылатын сөздің дифференциясы; (4) бөлінген сатылар мен қадамдардың оқытудың нақты алгоритмімен жүру.

Оқыту 3 сатыдан тұрады: констатациялық, қалыптастырушы, бақылау эксперименті.

Жасалған эксперимент нәтижесінде былай қорытындылауға болады:

Лингвистикалық корпус негізінде: сөздің көру бейнесінің семантикамен арақатынасы белгіленді; контекст көмегімен сөздің мағынасы ашылды; контекст көмегімен сөздің полисемиясы ашылды; жазылуы ұқсас сөздер дифференциацияланды; мағыналары жақын сөздердің қолданылу айырмашылығы анықталды.

Лингвистикалық корпус негізінде:

(1) студенттердің АКТ құзыреттілігін дамыту; (2) студенттердің шетел тілінің коммуникативті құзыреттілігін дамыту; (3) оқытуда сөз мағынасын анықтауға арналған жаттығуларды қолдану, (б) полисемияны оқыту, (в) мағыналары жақын сөздердің әр түрлілігін анықтауға, (г) ұқсас жазылатын сөздің дифференциясы; (4) бөлінген сатылар мен қадамдардың оқытудың нақты алгоритмімен жүру анықталды.

Лингвистикалық корпус негізінде студенттердің лексикалық дағдыларын дамытуға арналған эксперимент 3 сатыдан құралып, жүзеге асты; конкорданс бағдарламасы мәтіндер корпусында бойынша тілдік заңдылықтар анықталды; коммуникативті тапсырмаларда жаңа лексикалық бірліктерді қолдану; оқушылар өз жұмыстарына рефлексия жасады.

Лингвистикалық корпус негізінде жоғарғы курс студенттердің лексикалық дағдыларын дамытуға арналған жаттығулардың тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді.

Студенттердің лексикалық дағдыларды дамытуда лингвистикалық корпусты игеру маңыздылығын, мотивациялық-құндылық дәрежесін анықтауда сауалнама әдісі қолданылған болатын. Сауалнама зерттеудің мақсатына сәйкес келетін 10 сұрақтан тұрады: 1) Алынған жауаптар сомасынан жағымды жауаптар санының көптен бөлігі келесі сұрақтан алынды: *Сіз үшін ағылшын тілі сабағында лексикалық дағдылары дамытуды маңызды деп санайсыз ба?* Ал, жағымсыз жауаптар санының көптен бөлігі, *Сөздік қорыңыз аз болса логика тұрғысынан ойыңызды дәлелді жеткізе аласыз ба?* Студенттердің 80 % келесі сұраққа жауап беруге қиналды: *Сабақ барысында өз-өзін бағалау маңызды ма?*

Берілген сауалнама нәтижесінен студенттердің қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрлерін қолданудағы мотивациялық құндылықты қатынасының деңгейімен қанағаттанбауы байқалады.

Студенттердің лексикалық дағдыларын тексеру мақсатында бірнеше тапсырмалар берілген. Студенттер міндеті — сөздердің полисемиялық мағынасын табу, лексикалық мәтіндерді құрастыру, етістіктердің қолдануға арналған тапсырмалар. Орындалған жұмыстың сапасына сараптама жүргізу арқылы тексерілді. Констатациялық эксперименттің нәтижесін талдауда және интерпретация беруде лексикалық дағдыларын қалыптасу деңгейін бағалаудың арнайы критерийлері әзірленді.

Лингвистикалық корпуспен жұмыс (Британдық ұлттық корпус) сабақ кезінде жүзеге асты. Эксперименттік жұмыс алгоритм бойынша жасалды. Эксперименттік (20 студент) және бақылау (20 студент) топары қатысты. Эксперименттік топ студенттері лексикалық дағдыларын дамытуда лингвистикалық корпуссты қолдана отырып, оқытушыдан нұсқау алды, конкорданс бағдарламасы арқылы лексикалық бірліктерді іздестіріп, нәтижелерін талқылауға қатысты, коммуникативті тапсырмаларда жаңа лексикалық бірліктерді қолданды, өздерінің жұмыстарына баға берді.

Студенттер қалыптастырушы бөлімде, жасалған оқыту алгоритмі бойынша келесі тапсырмаларды орындады.

- (а) сөздің мағынасын анықтауда лингвистикалық корпуссты қолдануға арналған жаттығулар;
- (б) сөздің полисемиясын анықтауда лингвистикалық корпуссты қолдануға арналған жаттығулар;
- (в) лингвистикалық корпуссты қолданып, етістіктерді оқытуға арналған тапсырмалар;
- (г) лингвистикалық корпуссты қолданып, лексикалық тест тапсырмаларын құру үшін арналған жаттығулар;
- (д) лингвистикалық корпуссты қолданып, мағыналары жақын сөздердің айырмашылығын анықтауға арналған тапсырмалар.

Жасалған эксперимент нәтижесінде былай қорытындылауға болады. Лингвистикалық корпус негізінде: сөздің көру бейнесінің семантикамен арақатынасы белгіленді; контекст көмегімен сөздің мағынасы ашылды; контекст көмегімен сөздің полисемиясы ашылды; жазылуы ұқсас сөздер дифференциацияланды; мағыналары жақын сөздердің қолданылу айырмашылығы анықталды.

Лингвистикалық корпус негізінде: (1) студенттердің АКТ құзыреттілігін дамыту; (2) студенттердің шетел тілінің коммуникативті құзыреттілігін дамыту; (3) оқытуда сөз мағынасын анықтауға арналған жаттығуларды қолдану; (б) полисемияны оқыту; (в) мағыналары жақын сөздердің әр түрлілігін анықтауға, (г) ұқсас жазылатын сөздің дифференциациясы; (4) бөлінген сатылар мен кадамдардың оқытудың нақты алгоритмімен жүру анықталды.

Лингвистикалық корпус негізінде студенттердің лексикалық дағдыларын дамытуға арналған эксперимент 3 сатыдан құралып, жүзеге асты; конкорданс бағдарламасы мәтіндер корпусында бойынша тілдік заңдылықтар анықталды; коммуникативті тапсырмаларда жаңа лексикалық бірліктерді қолдану; оқушылар өз жұмыстарына рефлексия жасады.

Лингвистикалық корпус негізінде жоғарғы сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын дамытуға арналған жаттығулардың тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді.

Қорытындылай келе, бүгінгі заманда техниканы компьютердің қарқынды дамуына байланысты қол еңбектерін жеңілдетіп, ондай мәліметтердің бәрін компьютерге алдын ала енгізу арқылы зерттеушілердің қажет мәліметті тауып алуы үшін қор жинақтауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ тіл тарихын немесе қазіргі кездегі тілдің даму бағытын анықтауды мақсат еткен зерттеушілер үшін де мұндай сөздіктердің берері мол. Яғни тілдің қалай дамып жатқаны, қандай тұлғалардың жиі қолданылып жатқанын, қайсыларының қолданысы азайып, сиреп бара жатқанын анықтау үшін де бұл сөздік бірден бір құрал бола алады. Сонымен қатар тіл тазалығына нұқсан келтірмеуді тілдің шырайын кетірмей әр сөзді орынды қолдана білуді мақсат еткен журналист үшін де, баспа редакторы үшін де мұндай сөздіктің берері мол, мұндай сөздік тіл тарихын зерттеушілер үшін де өте пайдалы болмақ. Шетел тілін оқытуда лингвистикалық корпусты кеңінен қолдансақ, қазақ тілін осы сөздіктерге енгізсек, шетелдік мәліметтерді өз ана тілімізде алуға мүмкіндік болмақ.

Лингвистикалық корпуссты инновациялық құрал ретінде қолданып, оқушылардың шетел тіліне деген қызығушылығын арттыруға болады. Қазіргі заман талабына сай инновациялық құралдардың көмегімен тәжірибелер жасап көріп, тілді қызықтыра оқытқан жөн. Лингвистикалық корпус арқылы шетел тілін оқыту жаңа бағыт ретінде оған айтарлықтай үлес қосады деп есептейді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Захаров В.П. Корпусная лингвистика. [ЭР]. Режим доступа: <http://download.yandex.ru/class/zakharov/CL> — С. 3.
- 2 Чернякова Т.А. Использование лингвистического корпуса в обучении иностранному языку // Язык и культура. — 2011. — № 4(16). — С. 127–130.
- 3 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика. — М.: Академия, 2009. — С. 336.

Э.Р.Тажобаева

### **Лингвистический корпус — средство развития лексических навыков студентов в обучении иностранному языку**

В статье рассматривается одна из важнейших задач, стоящих перед современным учителем иностранного языка, — овладение новыми информационными средствами, обеспечивающими качественный подход к образованию, повышение интереса учащихся к изучаемому предмету, обогащение содержания образования и модернизация учебного процесса в целом. Безусловно, к этому ряду технологий можно отнести лингвистический корпус. В работе дан краткий обзор истории развития корпусной лингвистики, отмечены ее разновидности, а также сферы применения. Автором раскрыта сущность корпусной лингвистики, которая различается по сфере применения, характеристике предоставляемой информации. Помимо этого, автором разработаны упражнения, основанные на использовании лингвистического корпуса, эффективность которых доказана в рамках эксперимента.

E.R.Tazhibayeva

### **Linguistic corpora as a means for developing students' lexical skills in teaching foreign language**

In this article, the author highlights one of the most important tasks that a modern foreign language teacher faces with, as the master of new ICT, which provide high-quality approach to education, increase student's interest in the subject, enrich the content of education, and modernize educational process in general. With no doubt, to the list of such technologies Linguistic corpus can be enrolled. The paper presents a brief overview of the history of the development of Corpora linguistics, its types and application fields. The author reveals the nature of Corpora linguistics, which varies from its scope and the nature of information provided. Moreover, the author worked out exercises based on the Linguistic corpora the efficiency of which has been proved in the experiment.

#### References

- 1 Zakharov V.P. *Corpora linguistics*. [ER]. Access mode: <http://download.yandex.ru/class/zakharov/CL>, p. 3.
- 2 Chernyakova T.A. *Language and culture*, 2011, 4(16), p. 127–130.
- 3 Galskova N.D., Gez N.I. *The theory of teaching foreign languages. Lingua-didactics and methodology*, Moscow: Academy, 2009, p. 336.